

ЖЫЛ ЕСЕБІ '23

Орталық Азияның
Еуразия Қоры

Содержание

Письмо от Совета попечителей	<u>3</u>
Раздел 1: ФЕЦА в цифрах	<u>6</u>
Раздел 2: Наши проекты	<u>9</u>
Раздел 3: Наши достижения	<u>49</u>
Раздел 4: О ФЕЦА	<u>53</u>



Қамқоршылар кеңесінен *хат*

Құрметті әріптестер, серіктестер және достар!

Биыл Қазақстандағы «Шеврон», «Шелл Қазақстан» және «Теңізшевройл» мұнай өндіретін ірі компанияларының 30 жылдығы атап өтілді. Осы компанияларға аймақтардағы әлеуметтік жобаларды дамытуға қосқан орасан зор үлесі үшін шын жүректен алғыс айтқымыз келеді. Олардың икемділігі мен ынтымақтастығының арқасында азаматтық қоғамды нығайтып, кешенді мәселелерді шешуге және өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды жасап отырмыз.

Әсіресе, Атырау облысындағы «JasSpace» жобасына қосымша қаражат тартылғанын ерекше атап өту керек. Донорлар қатарына Caterpillar компаниясы қосылды. Жоба ауқымын кеңейтіп, мұғалімдердің машығын дамытуға орасан қолдау білдірді. AmCham нұсқасы бойынша бұл жоба жылдың үздік әлеуметтік жобасы болып танылып, басты мақсатымыз – барлық балаға инклюзив және тең білімге мүмкіндік беруге жақындата түсті.

Одан қала берді үздік жобаларымыздың ауқымы кеңейгенін де атап өткіміз келіп отыр. Батыс Қазақстан облысындағы Orle жобасы сәтті жүзеге асып, енді оны Атырау облысында да жүргіземіз деп біз де, донор да шабыттана түстік. Осылайша Махамбет және Мақат аудандарын қамтыдық. Қазақстандағы ОАЕҚ командасы облыстағы алғашқы кооперативті құру деген мақсат қойып отыр. Бұл дегеніңіз аймақтың әлеуметтік және экономикалық дамуына бағытталған маңызды қадам болмақ. Осындай бастамалар арқылы әркім өзінің маңызды екенін сезінетін, мықты әрі бірлігі мызғымас қауымдастық қалыптастырады деп сенеміз.

Біз адами капиталды дамытуға баса мән береміз. Осы ретте ОАЕҚ-ның Атырау облысында жұмыстан қысқарып қалғандарға арнап бастаған жобасын атап өту керек. «Теңізшевройл» компаниясының қаржылық қолдауының көмегімен тұрғындарға жаңа машық алып, жеке кәсібін бастауға мүмкіндік береміз. Бұл адамдарға жаңа перспектива сыйлап, аймақтың экономикалық өсуіне ықпал етеді.

Сонымен бірге Қазақстандағы Еуропа одағы өкілдігімен бірлесіп азаматтық технологиялар арқылы жастар мен әйелдердің дауысын күшейтуге бағытталған жобамызды да айтып өткіміз келеді. Бұл жобаның мәні мынада: қатардағы қарапайым тұрғын қолда бар технологиялар арқылы тұрмыстық мәселелесін шешіп, қоғамдағы рөлін арттырып, түрлі деңгейде диалогқа түсе алады. Осы серіктестіктің арқасында азаматтарымыз қоғамның белсенді өкіліне айналып, заңдарды өзгертуге ықпал етіп жатқанын көріп, кеудемізді қуаныш кернейді.

ОАЕҚ-ның Қазақстандағы қатысы кеңейіп келе жатқанына қуаныштымыз. Балқаш қаласында Central Asia Metals компаниясының жергілікті корпоратив қорын нығайтуға бағытталған біршама іс-шара өтті. Біздің команда Балқаш қаласы тұрғындарына жүйелі көмек беруге бағытталған Kounrad Foundation стратегиясын әзірледі. Осы жобадан-ақ ОАЕҚ-ның жылдар бойғы тәжірибесінің түрлі қор, компания мен ҮЕҰ жұмысын жақсартуға көмектесіп жатқанын көруге болады. Қоғамды дамытуға қосқан үлесі үшін ОАЕҚ Азаматтық форумда «Азаматтық қоғамды дамытуға ықпал еткені үшін» деген аталыммен мемлекеттік марапат иеленді. Қазақстандағы компаниялар азаматтарға тұрғындардың деректері мен қажетіне қарай жүйелі көмек беруі үшін ОАЕҚ ұжымдық консалтинг бағытындағы жұмыстарын әрмен қарай да жалғастыра береді деп сенемін.

Болашаққа көз салсам, алда әлі талай жаңа жетістікпен қатар, сын кезең мен қиын шаруалар күтіп тұрғанын сеземін. Қазірдің өзінде геосаяси жағдайдың, елдегі экономикалық тұрақсыздық пен климат өзгерісінің салдарын сезініп отырмыз. Әлеуметтік жобаларға халықаралық қаржылай қолдау тарту жағы да өзгеріп жатыр. Осы челленждерге дайын болуымыз керек. Миссиямызды одан әрі жалғастырып, қоғамымыздың тұрақты дамуы үшін икемді болып, небір инновациялық шешімдер табуымыз қажет.

Баршаңызға қолдау білдіріп, қатысқандарыңызға рахмет айтамын. Келер жыл әрқайсымызға мол шабыт пен жаңа табыс әкелсін.

Құрметпен,

Назир Шарифи
ОАЕҚ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы

ОАЕК Қамқоршылар кеңесі



Назир Шарифи

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, Gazpetro Poland компаниясының стратегиялық даму департаментінің директоры



Адалят Абдуманова

IFC бағдарламасының Еуропа және Орталық Азиядағы экологиялық, әлеуметтік және ұжымдық басқару мәселелері бойынша үйлестірушісі



Азалия Дайирбекова

Алматыдағы Еуразия қорының жобалық кеңсесінің басшысы, Қазақстан



Касым Абжанов

Lancaster Group директорлар кеңесінің мүшесі



Лиза Колл

Еуразия қорының президенті, Бақылаушы

ОАЕҚ жайлы

Орталық Азияның Еуразия қоры азаматтарға қоғамдық мәселелерді тауып, оны ұлттық және аймақтық деңгейде шешуге көмектесіп, қоғамдық және жеке ресурстарды жұмылдырады. Сонымен бірге компаниялар мен олардың ұжымдық қорларға әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға қатысты кеңес беруден де айналысамыз.



Біздің іске асыратын

жобаларымыздың бағыттары:

- Білім беру және жастар
- Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау
- Жас және шағын ҮЕҰ-лардың ұйым әлеуметін нығайту
- Азаматтардың қатысуы және тиімді басқару
- Кәсіпкерлік



ОАЕК: Сандар сөйлесін

9

Қазақстан мен
Орталық Азияда жоба
іске асты

\$2,4M

2023 жылдың бюджеті

54K

Әлеуметтік осал
топтар, бастамашыл
топтар мен КЕҰ
өкілдерін қосқанда
бенефициар

130

Жобалар аясында
түрлі КЕҰ-ларға грант
бөлінді


14

Жобаларды іске
асыруға облыс
жұмылдырылды


1-бөлім.

ОАЕК: Сандар сөйлесін

Кейінгі үш жылдағы
бенефициарлар саны:



Кейінгі үш жылдағы бюджет:



ОАЕК жобаларының географиясы



Қазақстан
барлық аймағы

Қырғызстан
Бiшкек, Ош, Баткен
облысы

Тәжікстан
Душанбе, Хатлон
облысы, Соғды
облысы, Худжанд,
Гулистон

2-бөлім. Жобаларымыз



Жастар және білім беру

- JasSpace
- Meet and Code

Осал топтарға қолдау

- Orle

Азаматтардың қатысуы және тиімді басқару

- Qogamdyq Kenistikter
- Сіздің даусыңыз маңызды

Кәсіпкерлік

- Байтак Жер
- Таңдау

Ұйым әлеуетін және шағын ҮЕҰ-ларды нығайту

- Бастамашыл топтар мен әйелдердің ҮЕҰ-ларының әлеуетін арттыру

Ұжымдық консалтиң қызметтері

- Балқаш қаласындағы «Коунрад» қоры

Жастар және білім беру

STEAM дамуы





JasSpace

Донор: компания «Шеврон»

География: г. Атырау

Әлеуметтік желіде: [@aydi.kz](https://www.instagram.com/aydi.kz)

2022-2023 жылдар аралығында Атырауда ОАЕҚ командасы Абай атындағы орталық базасында «JasSpace: Атырау жастарын дамыту бағдарламасы» деген бірегей жоба жүргізді. Мұнда ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы қамтитын инновациялық STEAM-әдісі қолданылады. Осы әдістің арқасында оқушылар мен жастар маңызды машық алып, жаңа қырларын ашып қана қоймай, білім саласындағы экожүйе мен инфрақұрылым қалыптастыра алады.

Жоба 1 жыл 8 ай уақытқа жалғасты. Осы уақыт ішінде қол жеткізген нәтиже мынадай:

Экожүйе құрылып, инфрақұрылым мен қызметкерлер әлеуеті қалыптасты.

JasSpace STEAM орталығы Атырау қаласындағы жастар мен жасөспірімдерді тұрақты түрде оқытты.

Атырау облысындағы ұстаздар мен жастар әлеуетін нығайтып, STEAM әдістемесі бойынша білігін арттырды.

Жоба әсері:

Инфрақұрылымы:

- JasSpace кеңістігінде тұрақты түрде STEAM оқытуға арналған инфрақұрылым құрылып (аумағы 877 ш.м болатын STEAM зертханасы), жабдықтар мен аймақтар жаңартылды, керек материалдар алынды;
- Атырау қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сыныптарында оқитын 2608 оқушы 16 оқу бағдарламасы бойынша оқыды;
- Жоба барысында курс оқығандар 300 жоба жасады;
- 90 оқушы түрлі байқау мен жарысқа қатысты;
- Оқығандардың 44 пайызы жеңімпаз бен жүлдегер атанды.

Мазмұны:

- Оқушыларға арнап 16 интеграцияланған жоба жасалды;
- Оқушылар мен педагогтерге арналған «Инженерияға кіріспе» видеокурсы жасалды;
- «STEAM жобаларды жүргізу» деген оқу модулі жасалды.





Кадрлар:

- Атырау облысы педагогтеріне білікті арттыруға арналған 2 курс жасалып, жүзеге асырылды;
- 130 педагог оқытылып, сертификат алды;
- JasSpace кеңістігінің 10 педагогында, 10 әкімшілік маманында ірі инновациялық білім беру жобаларын басқару бойынша әлеует қалыптасты;
- Оқыған педагогтер өз білім беру ұйымдарында STEAM тәсілін қолданып 40 ашық сабақ өткізді.

Экожүйе:

- Жобаны қолдау үшін облыстағы 8 белсенді азаматтан тұратын консультатив кеңес құрылды;
- ОАЕҚ-ның жергілікті 5 ҰЕҰ-мен бірлесіп JasSpace жобасын жасағанының арқасында атыраулық ұйымдар портфолиосын реттеп, ұйым әлеуетін артырып, STEAM саласындағы көрсетілетін қызметтерінің сапасын жақсартуға мүмкіндік алды;
- Жобаға ұлттық деңгейде 3 ұйым әдістемелік қолдау көрсетті: Caravan of Knowledge, ITeachMe ҚҚ, «Казроботикс» Қазақстандық білім және спорттық робототехника федерациясы;
- 4 ұйым қаржылай қолдау білдірді: «Шеврон», British Council, SITEC CASPIAN, Абай атындағы орталық;
- Басталғалы бері жоба жайлы 8 млн-нан астам адам естіп білді;
- Түрлі таргет санатқа арналған, 8 мыңға жуық адамды қамтыған 141 іс-шара өтті.

Атыраудағы болашақтың білімі

JasSpace кеңістігінде 12-18 жас аралығындағы жастар мен жасөпірімдер өзі үшін жаңа білім жиып, оны тәжірибе жүзінде істеуді үйренеді. Жұмысты 2022 жылдың мамырында бастағанбыз. Сол кезден бері 8 миллионнан астам қазақстандық азамат кеңістіктің жетістіктерінен хабардар болды. Жоба аясында мектеп оқушылары мен студенттер заманауи машықтарды үйрететін офлайн-курстарға тегін қатысуға мүмкіндік алады. Оның ішінде мүгедектігі бар адамдар да қамтылады. Курс ішінде химия, биология, анатомия, экология, 3D-модельдеу, робототехника, Python тілінде бағдарламалау, веб-бағдарламалау, инженерияға кіріспе, журналистика, техникалық және ауызекі ағылшын тілі және осы сынды өзге де бағдарламалар бар.

«Оқушылар курсты қалауына қарай қазақша не орысша оқи алады. Оқу бағдарламасы екі-үш айға жалғасады. Курс соңында жеке жобасын жасап, сертификат иеленеді. Бағдарламамыз арқылы ғылыми байқаулар мен олимпиадаларға да жол ашылады. Ол жерде білімі ме машығын көрсетіп, әлемге бірегей идеяларын таныстыруға мүмкіндік алады. Бұл жай ғана оқу кеңістігі емес, дамуға және өз қырыңды аша түсуге көмектесетін, әр қатысушы кірпіш болып қаланатын жер десек болады», – дейді Салтанат Ноғайбаланова.

«JasSpace» ұжымында STEAM саласының майталмандары жиналған. Командадағы кәсіби мамандардың қатарында ОАЕҚ жоба менеджері Салтанат Ноғайбаланова, Қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясы РҚБ президенті Айжан Жекеева, сертификатталған STEAM-тренерлер Гүлжанат Райысханова мен Жанар Мыңбаева, сонымен бірге Қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясының атыраулық филиалы директоры Асқар Алдан секілді өзге де білікті мамандар бар. Команданың бірлеске еңбегінің арқасында облыс педагогтерінің білігін арттыруға бағытталған 4 интенсив курс өткізілді. Одан бөлек, семинарлар, шеберлік сағаттары, трениңдер ұйымдастырылды. Бұл педагогтерге жаңа мүмкіндіктер сыйлағаны анық.


2 жылдай уақыт ішінде JasSpace-тің атыраулық командасы 7000 адамды қамтып, 300 жобаны іске асырды. Сонымен қатар, 90 адам облыстық және республикалық түрлі байқауға қатысып, оның ішінде 40-ы жүлдегер, жеңімпаз, номинант болды. Екі оқушы «Шелл Казахстан» компаниясының 700 мың теңгелік грантын ұтып алды.

«JasSpace» оқушыларының бірі Дария Бегалиеваны жарқын үлгі ретінде атап өтуге болады. Ол жастардың көш бастап, шығармашылық жолында жалындай алатынын көрсетті. Химияға қызығатын Дария пластик пакеттердің орнын алмастыратын биопластик жасап шығарды. Оның жобасы облыстық деңгейдегі JasSpace Project Challenge - 2023 робототехника және STEAM жобалар байқауында бірінші орынға лайық деп танылды. Қазір Дария осы бірыңғай идеясын әрмен қарай дамытып жатыр.

JasSpace жобасы осы уақыт ішінде облыстың визит картасына айналып үлгерді. Орталыққа Республика президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Америка елшісі Дэниел Розенблум, еліміздің басқа қалалары мен басқа да шет мемлекеттердің өкілдері қонақ болды.



JasSpace-бұл жай ғана оқу кеңістігі емес, өсу және өзін-өзі көрсету өрісі



Атырау облысындағы ауыл мектептерінде STEM оқыту

Донор: *«Caterpillar» компаниясы*

География: *Атырау облысы*

«Атырау облысындағы ауыл мектептерінде STEM оқыту» жобасы аймақтың ауылдарындағы білім сапасын жақсартуға бағытталып жасалды. Басты идея сол – ауыл мұғалімдеріне оқушыларға арналған электив курстар арқылы STEM-тәсілдерді меңгертіп, енгізу. Осы жобаның арқасында мектептер робототехника және 3D-модельдеу сынды жаңа бағдарламаларды үйренді. Сол арқылы ғылым мен технологиялық машығын дамытуға мүмкіндік алды.

Жобаны ОАЕҚ 2023 жылдың 1 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында жүргізді. Caterpillar компаниясының демеуші болғанының арқасында ауыл мектептеріндегі білікті педагогтар тапшылығы мен оқу материалдарының жетіспеуі дегендей мәселелер шешілді. Енді ауылдың 1000-нан астам оқушысы жыл сайын робототехника, 3D-модельдеу, ғылым және технология салаларынан машығын дамыта алады. Одан қала берді сыни ойлау, креатив ойлау, көшбасшылық секілді қабілетін шыңдайды. Сол арқылы болашақта мамандықты жазбай таңдайды. Жергілікті қоршаған орта мәселесін жоба тәсілімен шешуді үйренген оқушылар маңызды машықтар алып, әлеуетін іске асыра алады.

Жобаның ықпалы:

Инфрақұрылымы:

- 34 мектептің материал базасы жаңарды. Электив курстар өткізу үшін оқу жабдықтары мен материалдар сатып алынды;
- 7-11 сынып оқитын 1023 оқушы 34 ауыл мектебінде электив курстардан өтіп жатыр;

Мазмұны:

- Жоба аясында 5 оқу бағдарламасы жасалып, оларды Атырау облысының әдістемелік кабинеті мақұлдады;
- Педагогтерге арналған 5 әдістемелік нұсқаулық жасалды;
- Облыс педагогтеріне арналып «STEAM жобаларды іске асыру» деген видеокурс жасалды. Ол жерде STEAM жобаларды іске асыру жолы тәптіштеп түсіндірілген.

Кадрлар:

- Атырау облысы педагогтеріне 3 білік арттыру курсы өткізілді;
- Атырау облысының 7 ауданынан 91 педагог оқып, сертификат алды;
- 54 педагог электив курсынез мектептерінде өткізуге қосымша сағат алды;
- 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бері Атырау облысының 34 ауыл мектебіне 83 STEAM электив курсы оқытыла бастады.



Экожүйе:

- 34 ауыл мектебі мен ондағы 54 педагог облыстың STEAM экожүйесіне кірді;
- Жобаны облыстық білім басқармасы, облыстық әдістемелік кабинет, аудандық білім бөлімдері мен аудан деңгейіндегі әдіскерлер қолдады.

STEM ауыл мектептерінің білім әлеуетін қалай өзертті?

«Атырау облысындағы ауыл мектептеріне арналған STEM» жобасы ауыл аудандарының оқу ортасын жаңартуда маңызды рөл ойнады. Соның ішінде мұғалімдерді оқыту мен STEM, робототехника, химия және биология кабинеттерін жабдықтау сынды екі бағыттың арқасында оқу процесі әжептәуір жақсарып, мұғалімдерін машығын дамыта түсті. Педагогтердің білігін арттырғаны жобаның жемісті өтуіне бірден-бір сеп болды.

Қазір мұғалімдердің 76 пайызы бұрын білмесе де, сабақтарда STEAM жобалар жасау машығын үйренді. Одан бөлек, педагогтердің 98 пайызы кәсіби деңгейде өскенін айтса, 83 пайызы жобадан мол шабыт алғанын жеткізді. Жабдықтарды жаңартуға келсек, 32 STEM және робототехника, 19 химия және биология кабинеті жаңарды. Бұл болса, оқуға жақсырақ жағдай жасауға мүмкіндік берді. Бастапқыда 9 мектепте ғана оқытылған робототехника курсы бүгін 34 оқу ордасында өтіп жатыр. Ал төрт STEM бағдарламаны оқуға рұқсат алған оқушылар саны 4,5 есе көбейді.

Модернизация оборудования коснулась 32 кабинетов STEM и робототехники и 19 кабинетов химии и биологии, что значительно улучшило условия для обучения. Курсы по робототехнике, изначально проводившиеся лишь в 9 школах, теперь доступны в 34 учебных заведениях, а количество учащихся, получивших доступ к обучению по четырем STEM программам, увеличилось в четыре с половиной раза.

Проект также оказал существенное социальное влияние, предоставив школьникам из сельских районов доступ к качественному образованию в области науки, технологий, инженерии и математики, что критически важно для их будущего. Учитывая, что многие родители не могут оплачивать дополнительные курсы, обновленная образовательная программа стала важным событием для общества. Проект «STEM для сельских школ Атырауской области» продемонстрировал успешное внедрение инновационных методов обучения, открывая новые возможности для учителей и учащихся в сельской местности и способствуя их профессиональному и личностному развитию.



Жобаның ықпалы:

- Жергілікті ҮЕҰ-лар арқылы бағдарламалауды үйрететін 15 жоба іске асты. Жобаға Қостанай, Астана, Алматы, Атырау, Қарағанды, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстары қатысты;
- 400-ден астам бала бағдарламалау, код жазу, деректер базасын жасауды үйренді. Сонымен бірге робототехника бойынша шеберлік сағаттарына қатысты;
- Іс-шаралар барысында қатысушылар Fusion 360-пен инженерлік 3D-модельдер жасады. Виртуал ойындар жасаудың негізін үйреніп, робототехника көмегімен физиканы оқыды, ғарыш кемелерін құрастырып, RoboProject жобалар жарысын ұйымдастырды.

Meet and Code

Донор: *TechSoup*

География: *Қостанай, Қарағанды, Алматы, Астана, Талдықорған, Атырау, ОҚО*

Meet and Code — болашақ жарқын болуы үшін дигитал машықтарды оқытуға бағытталған еуропалық бастама. Жоба мақсаты – 8-24 жас аралығындағы әр жасқа бағдарламалауды үйренуге жағдай жасау. Бағдарлама аясында жергілікті ҮЕҰ-ларға қаржылай қолдау көрсетіледі. Олар іс-шаралар ұйымдастырып, оқу сессияларын өткізеді. Осылайша балалар мен жасөспірімдер дигитал технологияларды, бағдарламалау негіздерін үйренеді. Жастарды сыни және креатив ойлау қабілеті артып, қиын мәселелерді технологиялар мен түрлі бағдарламалау тілі арқылы шешуді үйренуге шақыратын бастама.

Қазақстандық оқушылар дигитал сауатты қалай меңгеріп жатыр?

Қазір дигитал сауат сән емес, қажетке айналды. Осы қажетті терең түсінген қазақстандық Connect-Ed ұйымы мектеп оқушыларына арнап дигитал сауатты үйрететін қазақша және орысша тегін онлайн-курстар жасап шығарды. Осылайша Қазақстандағы балаларға сапалы білім алуға мүмкіндік беріп отыр. Meet and Code грантының арқасында Connect-Ed 5-10 минуттық үйрететін видео сериясын жасады. Олар YouTube-те бар. Видеолар тақырыбының ауқымы өте кең: мәтін редакторлары мен электрон кестелерді қолданудан бастап, Zoom мен Canva-мен жұмыс істеуді де үйретеді. Курс қатысушыларына видеоға сілтеме жолданып, WhatsApp чат арқылы үй тапсырмалары беріліп отырды. Әрі сол чатта координатордан фидбек алуға мүмкіндік берілді.

Оқу барысында оқушылар презентация жасауды, мәтін редакторлары мен электрон кестелермен жұмыс істеуді, Canva-да постер дизайнын істеуді, Zoom мен Duolingo-ны пайдалануды үйренді. Осы машықтардың арқасында компьютер бағдарламасын еркін меңгеріп қана қоймай, оқу мен шығармашылықта мүмкіндіктерін кеңейте түсті. Курсқа қатысқан Амелидің анасы былай деп пікір білдірді: «Дигитал сауат туралы курс керемет екен! Аз ғана уақыттың ішінде қызым қаншама пайдалы машық алды. Лекциялар қызық, материалдар түсінікті. Қазір соның арқасында ол дигитал әлемде өзін сенімдірек сезінеді».

Құнды машықтарды меңгерген соң бағдарлама қатысушылары заманауи технологияларды оқуда да, өмірде де қолдана алады. Бұл болашақта оң әсер берері анық. Бағдарлама сапалы білім мен жастарды заманауи дигитал қоғамның челленждеріне дайындаудың маңызы зор екенін басты назарда ұстайды.





Бенефициарлардың пікірі:

«Бағдарламаның арқасында бағдарламалау әлеміне ендім. Курстардан алғашқы қолданбаларым мен ойындарымды жасап үйрендім. Бұрын олай істеу мүмкін деп тіпті ойламаған да едім. Әсіресе, пікірлестермен және IT саласының майталмандарымен тілдескенімізге қуаныштымын. Осы алған тәжірибем алдағы карьерамның бағытын белгілейтіні анық»,

— Айдар (Талдықорған)

«Meet and Code бастамасына қатысып технологиялар туралы түсінігім өзгерді. Бұрын бағдарламалау өте қиын әрі менің қолымнан келмейді деп ойлаушы едім. Бірақ қазір IT-ден маған орын табылатынына сенімдімін. Робототехника мен ойын жасауды үйрететін трениңдерден кейін компьютер ғылымдарын тереңірек үйренуге шабытым ашылды»

— Камила (Қарағанды)

«Ұйымдастырушыларға осы құнды тәжірибе үшін алғыс айтқым келеді. Бағдарламалау мен робототехниканы үйреніп қана қоймай, командада жобалар істеп, іс жүзінде жасап көрдім. Бұл маған код арқылы идеяларымды іске асыруға мүмкіндік сыйлайтын әлемнің есігін ашты десем болады»,

— Тимур (Қостанай)

*Мен өз идеяларымды
код арқылы жүзеге
асыра аламын*

Осал топтарға қолдау





Orle

Донор: *«Шелл Казахстан» компаниясы*

Географиясы: *Батыс Қазақстан облысы, Атырау облысының Махамбет және Мақат аудандары*

Әлеуметтік желіде: [@orle.project](https://www.instagram.com/orle.project)

Жоба халыққа экономикалық қолдау білдіру үшін көкөніс шаруашылығы мен қолөнерді үйретіп, сол арқылы өз шағын кәсібін ашуға мүмкіндік беруге бағытталған. Әлеуметтік осал топтардағы әйелдер, жастар, 18 бен 45 жас аралығындағы ер адамдар менторлардан білім алып, инвестиция ала алады. Осының арқасында тұрғындар өз машығын дамытады және өз ісін ашады. Осылайша олардың қоғамдастықтарының тұрақты дамуына ықпал болады.

2021 жылы Orle жобасы Батыс Қазақстан облысында басталған еді. Ал 2022 жылдан бері географиясы кеңейіп, Атырау облысының Махамбет және Мақат аудандарын қамтыды. Жоба серіктестері мен тренерлері – Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қоғамдастықтар қоры және Қазақстан қолөнершілер одағы.

Проект в цифрах:

65

адам көкөніс шаруашылығын үйренді (Батыс Қазақстанда – 20, Атырау облысында – 45)

21

адам қолөнер үйренді (Батыс Қазақстанда – 12, Атырау облысында – 9)

14

адам жылыжай құрылысына инвестиция алды

8

адам қолөнер бұйымдарын жасауға инвестиция алды

1

Оралда 850 адам қатысқан фестиваль өтті

Жұмыссыз қалып, кейін жеке бизнес ашқандардың оқиғасы

Мирас Ғиниятов – Атырау облысы Махамбат ауданының фермері, төрт баланың әкесі. Пандемия кезінде жұмыссыз қалып, басынан қиын күндер кешкен. Дегенмен қолды қусырып отырған болмас деп Мирас жаңа кәсіп бастауға бекінеді.

Orle жобасы туралы естіген соң ол өтінім жіберіп, көп ұзамай оқуды бастап кеткен. «Жобаның бірінші кезеңіндегі оқу маған нағыз мектеп болды. Қияр егуді үйреніп қана қоймай, осы арқылы табыс табуға болатынын түсіндім», – дейді Мирас. Сонымен бірге коммерциялық қызмет жақсы жүруі үшін үлкен жылыжай керегін ұғады. Қолда бар ақшасын салып, аумағы 1000 ш.м болатын ірі жылыжай құрылысын бастап кетеді.

Қайтпас қайсарлығы мен жобаға қатысқанының арқасында Мирас қосымша қаржылай қолдауға ие болады. Алдымен ол шаруашылығын кеңейтуге мүмкіндік берген мемлекеттік грант ұтып алады. Ал кейін 2023 жылдың қарашасында әкімдіктен инновация енгізуге қаражат алады.

Қазіргі таңда Мирастың қол астында жастарды жұмыспен қамту бағдарламасы арқылы тұрған 4 қызметкер істейді. Оның ішінде оған көмектесетін 4 агроном бар. Жеке кәсібін ашу арқылы отбасын асырауға тұрақты табыс көзін тапты. Оның өнімдері жергілікті базарда сұранысқа ие.

Мирас Ғиниятовтың оқиғасы арқылы қиын-қыстау кезеңнің өзінен сабақ алып, жетістікке жетуге болатынын ұға аламыз. Оның тәжірибесі отбасына шабыт сыйлап қана қоймай, жарқын болашақтың жолын іздеп жүрген сан адамға үлгі бола алады. Қазір Мирас кәсібін дамытып жатыр. Ол Orle жобасының үшінші кезеңі аясында ұйымдастырылған ауылшаруашылық кооперативіне қатысып жатыр. Мұнда ол Атырау және Махамбет ауданының басқа да фермерлерімен бірлесіп, жергілікті қиярмен қала және облыстың барлық ірі базарын қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.





**Мен көкөніс өсіруді
игердім және одан не
табуға болатынын
ТҮСІНДІМ**



Азаматтарды тарту және тиімді басқару тәсілі





Qogamdyq Kenistikter

Сандар сөйлесін:

59

жергілікті тұрғындар жаңа ғимарат салуға ат салысқан

38,5K

тұрғын жаңа қоғамдық кеңістіктерді қолданады

1290

тұрғын инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған шағын жобаларға қатысқан

382

адам трениңге қатысты

23

жергілікті атқарушы органдары өкілі жобаға кірістірілді

60%

қаржыландырған соманың 60%-ы – қауымдастық үлесінен *(оның ішінде қаржылай да, уақыт ресурсы бар)*

28

оффлайн трениң және

>1350

қауымдастық -дан астам ағаш отырғызды

378

онлайн кеңес өткізді

Донор: ТОО «Тенгизшевройл»

Географиясы: г. Атырау, Атырауская область, Мангистауская область

Әлеуметтік желілерде: @qogamdyq_kenistikter, @qogamdyq_kenistikter_atyrau

Qogamdyq Kenistikter бағдарламасы жергілікті тұрғындарды мәселелерді шешуге және қоғамдық кеңістіктерді жақсартуға шақыру мақсатында құрылған. Бұл бағдарламаның ерекшелігі сол – азаматтар құрылыс жұмыстарын жоспарлағанда ғана емес, бастан-аяқ бақылауда ұстайды. Бастамашыл топ болып біріккен тұрғындар жеткізушілерді өздері іріктеп, монтажды бақылауға алады. Одан соң коммуналдық меншікке өтсе де ғимараттарға қолдау және қызмет көрсетуді жалғастырады. Инфрақұрылым қолжетімді әрі қауіпсіз болуы үшін жоба аясында жергілікті атқарушы органдармен серіктесіп жұмыс істеледі. Сол арқылы тұрғындарға жергілікті қауымдастық сарапшылары ретінде қатысудың құндылығын түсіндіріп, ұжым боп қоғамдық қызмет істеудің артықшылықтарын ұғынуға мүмкіндік беріледі.

Қаңыраған жер қалай ойын алаңына айналды?

Құлсары қаласында тұратын белсенді Қарлығаш Ізбасарова үнемі қоршаған ортаны балаларға қайтсе жайлы қылуға болады деп ойланып жүретін. Ойнағанға қауіпсіз жер істегісі келген ол бастама жасап, Qogamdyq Kenistikter жобасына қатысуға бел буады. Пікірлестерден топ құрған Қарлығаш бос жатқан аумақты ойнауға және демалуға арналған жерге айналдыратын жоба жасауға кіріседі.

2022 жылы олар спорт алаңының құрылысын ойдағыдай аяқтайды. Ол жер бірден жергілікті тұрғындардың сүйікті мекеніне айналып шыға келеді. Бірақ мұнымен тоқтағысы келмеген Қарлығаш пен оның командасы биыл жаңа ойын алаңының құрылысын бастауға кірісіп кеткен еді. Бұл жер ауыл балаларын ғана емес, көрші аудан орталықтарының балаларын да тартатын алаңға айналмақ.

Күніне, әсіресе, жазда алаңқайда 50 баладай ойнайды. Олар қолдау білдіріп қана қоймай, командалық жұмыс пен жауапкершілікті қоса үйренеді. Қарлығаш пен оның бастамашы тобының арқасында ауыл балаларының өмірі қызық бола түсті. Енді оларда машығын дамытатын, балалықтың бал күнін өткеретін жаңа бір жер бар.






Қиялдағы саябақ: бірлік бар жерде – тірлік бар

Жаңа-Қаратон мектебін осыдан 20 жыл бұрын бітіріп кеткен түлектер Qoqamdyq Kenistikter жобасына қатысып, ауылда кезінде өздеріне арман болған саябақты салды. Бір мақсат жолында біріккен олар бірлігінің арқасында балалар мен ересектер таза ауада тынығып, серуендейтін алаң жасады.

Жаңа-Қаратон тұрғындары арманын орындап қана қоймай, көпке үлгі болған түлектерге дән риза. Жобалары ауылдың сәнін кіргізгеніне қоса, демалып, тілдесуге арналған жайлы жер сыйлады. Осылайша бұл бірліктің символына айналды. Бұл келісіп пішкен тонның келте болмасына бірден-бір дәлел болды.





Сіздің даусыңыз маңызды

Азаматтардың технологиялар арқылы шешім қабылдауға қатысуы

Доноры: Қазақстандағы Еуропалық одақ өкілдігі

Географиясы: 17 облыстары Қазақстан

Әлеуметтік желіде: [@voicematters.kz](https://www.instagram.com/voicematters.kz)

«Сіздің даусыңыз маңызды. Азаматтардың технологиялар арқылы шешім қабылдауға қатысуы» жобасы Қазақстандағы әйелдер мен жастардың ықпалын арттыру үшін басталған еді. Мақсаты – шешім қабылдағанда жауапкершілік болып, қоғамның барлық мүшесінің, оның ішінде кейде ескерусіз қалып қоятын жастар мен әйелдердің қызығушылығы ескерілуіне жол ашу.

Жоба барысында TeachMe ҚҚ-мен серіктесе отырып, азаматтық технологияларды үйрететін офлайн трениң, марафондар мен кемптер ұйымдастырылды. Бұл технологиялар (Civic tech) қоғамды дамытуға көмектесетін құралдар мен сервистерден тұрады. Сонымен бірге азаматтар мен билік арасында көпір болып, маңызды мәселелердің шешілуіне тұрғындарды тартуға шақырады. Азаматтық технологияларды қалай қолдану керекін үйрету арқылы әйелдер мен жастардың диджитал машығын арттырып, шешім қабылдауға белсендірек қатысуға ықпал ету деген мақсат болған.

Сандар сөйлесін:

310

әйел мен жас (58 пайызы – әйелдер) азаматтық технологиялар арқылы мәселелерді шешу машығын жақсартты

>160K

-нан астам адам азаматтық технологиялар құралдары мен қолда бар ресурстар туралы толыққанды ақпарат алды

60

адам диджитал машығын нығайтты

25

ҮЕҰ мен бастамашыл топ азаматтық технологиялар саласындағы білімі мен білігін арттырды

>80

-нен астам мемлекеттік қызметкер әлеуметтік мәселелерді тиімдірек шешуді үйрене түсті

10

азаматтық технологиялар саласындағы жобаға қаржылай қолдау жасалды

1

Команда Қазақстандағы тиімді азаматтық технологиялар туралы жинақ жасап шығарды.


Азаматтық технологиялар қоғамдағы мәселені шешуге қалай көмектесе алады?

Тараздық Балжан Абдуллаева ауырып, 2 жылдан астам уақыттай ем алған. Бірнеше рет ота жасалған. Балжанның айтуынша, сол уақытта оған анасы мен баласы қолдау білдірген. Сонымен бірге дәрігерлер мен бір палатада жатқан әйелдер де депрессияға түсіп кетпеуге көп көмектескен.

«Ауруханада бір айға жуық уақыт жаттым. Қасымда түрлі диагнозы бар әйелдер болды. Біреуі үйге шығып жататын, енді біреуі жаңадан ауруханаға түсіп жататын. Бірге медициналық процедуралар алып, тамақтанып жүретінбіз. Осылайша біртіндеп жақынырақ танысып, олардың жеке мәселелерін шешуге көмектесетін болдым. Менің бухгалтер қызметін көрсететін аутсорс компаниям бар. Біртіндеп әйелдерге жәрдемақы алу, жеке кәсіпкер ретінде тіркелу, есеп тапсыру, декретке шығу және басқа да мәселелер бойынша кеңес беретін болдым. Тіпті кейбіріне жұмысқа тұруға жәрдем беретінмін», — дейді ол.

Балжанның сөзіне сүйенсек, білімі мен мамандығының арқасында басқа адамдарға, соның ішінде әйелдерге көмектесе алатынын түсінген. Осыдан соң ол Phoenix қоғамдық бірлестігін ашып, тіркейді. Атауын бұлай деп қоюы да бекер емес. Балжан өмірін самұрық құсқа қатты ұқсатады. Ол аңыз кейіпкері де өмірін жаңадан бастаған емес пе?!

«Түрлі трениң мен семинарға қатысып, сертификат алып, білімімді шыңдай бердім. Сөйтіп жүргенде ОАЕК Civic Tech Camp бағдарламасына қатысуға шақырды. Алматыда үш күндік оқудан өтіп, спикер-менторлардың дәрісіне қатыстым. Уоркшоптарға қатысып, бағдарламаны ойдағыдай аяқтадым. Содан кейін де вебинарлар мен онлайн-сессияларға қатысып жүрдім», — дейді Балжан.





Кейіпкеріміз осылайша шағын грант байқауына өтінім беріп, жеңімпаз атанады.

«Бақытты ана – бақытта бала» деп аталатын өз жобамды қорғап, грант ұтып алдым. Аз ғана уақыттың ішінде мол жетістікке жеттік. Тараздағы және Жамбыл ауданындағы Аса ауылындағы, Байзақ ауданындағы Сарыкемер ауылындағы әйелдерге жаңа технологияларды үйреттік. Соның ішінде мүгедектігі бар бала өсіріп отырған не өзіне күтім керек жалғызбасты аналарға көмектестік. Жоба шеңберінде мемлекеттік қызметтерді дұрыс алу, өтініштер мен сұраныстарды толтыру, дәрі алу, балабақшаға кезекке тұру, денсаулығына байланысты түрлі жәрдемақы алуды, мемлекеттік гранттарға қатысуды, түрлі бағдарламалар бойынша оқуды, бюджет жоспарлауға қатысуды, қоршаған ортану қорғауды, қоғамдық өмірге қатысып, сол арқылы мемлекеттік жүйеге жақындай түсіп, азаматтық белсенді болуды үйреттік. Осылай жасағанда ғана мемлекет әйелдердің мәселесінен хабардар болады», — дейді ол.

Қазір Балжан үлкен оңалту орталығының жобасын дайындап жатыр. Оның айтуынша, болашақта бұл орталықта психологтар, дәрігерлер мен педагогтер жұмыс істейді. Бұл орталыққа келіп, кез келген әйел бағдарламаларды оқып, мобайл топ көмегіне жүгіне алады.

*Автор: Мейірман Лес
(zakon.kz)*

**«Осылай жасағанда
ғана мемлекет
әйелдердің мәселесінен
хабардар болады»**

Балжан Абдуллаева

Кәсіпкерлік





Байтақ Жер

Доноры: *«Шеврон» компаниясы*

География: *Ақмола облысы*

Әлеуметтік желілерде: *[@baitaqzher.kz](https://www.instagram.com/baitaqzher.kz)*

Эко, этно және агротуризм саласында жұмыс істейтін орта және шағын бизнес иелерін қолдау арқылы ауылдық жерлердегі экономикалық мәселелерді азайтуға бағытталған жоба. “Байтақ жер” 2022 жылдың қыркүйегінде басталған. 2023 жылдың қазанында екінші кезеңі жалғасты. Бірінші кезеңде жоба Ақмола облысының Зеренді, Сандықтау және Қорғалжың сынды үш ауданын қамтыды. Ал 2023 жылдың күзіне қарай облыстық барлық аумағында іске асырылды.

“Байтақ Жер” кәсіпкерлерге бизнес және туризм саласының сарапшыларынан сабақ алып, жеке тренинжен өтуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бизнес-идеясын іске асыру үшін екі жылға пайыссыз қарыз алуға болады. Одан бөлек, жоба аясында ОАЕҚ-ның [Youtube](https://www.youtube.com/) арнасында тұрған онлайн-курс пен Қазақстандағы туризм ерекшеліктері туралы толғайтын [«Туризм по-казахски»](#) подкасты шықты. Сонымен қатар, облыстың үш ауданының картасын шығарып, Ақмола облысына пресс-тур ұйымдастырылды.

Проект в цифрах:

1490

кәсіпкерлер клиентке қызмет көрсетті

6

қатысушыға қаржылай қолдау жасалды (3 кәсіпкерге және 3 ҮЕҰ-ға)

₸38M

қарызға берілді

10%

-ға кәсіпкерлер табысы артты

40

екінші кезең инкубациясының 1-бөліміне адам қатысты

40

онлайн-тренинге

20

бірінші кезеңдегі инкубацияға қатысушы қатысты

₸4,5M

кәсіпкерлер өз қалтасынан салды (жалпы бюджеттің 5 пайызы)

18

онлайн-сабақ пен «Туризм по-казахски» подкастының

11

шығарылымы жарық көрді

2

ҮЕҰ коммерциялық қызметін бастады

3

іс-шара республикалық деңгейде өтті

80

спортшы жобаға қатысқан ҮЕҰ қатысушылар ұйымдастырған жарыстарға қатысты;

3

нұсқаулық-карта жасалды

Экология, инновациялар және бизнестің әлеуметтік жаупкершілігі

Марат Алтынбеков – бизнес-жобалар жүргізуден – 20 жылдық, банк саласында 13 жылдық тәжірибесі бар кәсіпкер. Зеренді ауданындағы жол бойында орналасқан «Жасмин» кешені гүрілдеп тұр.

Марат — Көкшетау маңындағы «Жасмин» демалыс орнының иесі. Базада демалыс пен релаксқа арналған түрлі қызмет бар. Соның ішінде фин, шығыс, орыс моншасы, бассейні бар сауналар мен даладағы бассейн, киіз үй дегендерді ерекше атап өтуге болады. Әрі мұнда еуропалық та, ұлттық та асханадан дәм татуға болады. 40 адам сыятын кең зал мен жазғы терраса тағы бар.

Осы уақытқа дейін бассейн мен моншалардағы суды қыздырудың әлегі көп болып келген. Соның кесірінен Марат электрэнергиясы мен жылуға қосымша шығын шығаруға мәжбүр болған. Қоршаған ортаға зиян қалдықтар бөлетіні де бар емес пе?! Осы мәселені шешу үшін кәсіпкер «Байтақ жерге» келген кезде жылу насостарын орналастыру туралы ойлаған. Ол ESG (экологиялық, әлеуметтік және ұжымдық басқару) принциптерін демалыс орнының қызметіне енгізгісі келеді. Атап айтқанда, айтарлықтай аз электрэнергиясын шығындай отырып, экологиялық таза жүйеге арналған жылу насостарын алмақ болады. Мараттың осы бастамасының арқасында CO2 шығындылары азайып қана қоймай, шығын да әжептәуір қысқарған. Кәсіпкер бұл туралы облыстағы басқа бизнесмендерден естіпті. Сөйтіп жоба тренерлері жобаны пысықтап, тәуекелдерді бағалап, жаңа тәсілдің қаншалықты ақталатынына дейін есептеуге көмектескен.





10 күн инкубациялық бағдарламаға қатысқан соң Маратқа 6 миллион теңге көлемінде қарыз беріледі. Сол ақшаға ол 2 насос алып, орналастырады. Клиент тарту үшін кешенін Көкшетаудағы үлкен LED экрандарында және қаладағы танымал Instagram парақшаларда жарнамалаған. Одан қала берді мүгедектігі бар балаларға арналған әлеуметтік іс-шараларға демеуші тауып, БАҚ-қа жариялатқан. Кешенге барбекю, шезлоң, киіз үйлер мен балмұздақ сататын жерлер қосқаны да жақсы әсер беріп, қызмет көрсету сапасын жақсартыпты.

Кадрлар қайта-қайта ауысып, ауа-райы да кейде қолайсыз болса да, Мараттың жобасы ғажап нәтиже көрсетті. *Электрэнергиясы мен жылуға кететін шығынды — 35-40 пайызға, қоршаған ортаға зиян әсерді – 20 пайызға және электр желісіне түсетін жүктемені 50 пайызға қысқарта алды.*

Болашақта Марат туристік қызметтерді қыста да көрсете алуға жағдай жасасам дейді. Атап айтқанда, негізгі алаңға мұз сырғанағын орнатып, демалысқа келгендерге сырғанақ пен қарда жүретін көліктерді жалға бергісі келеді. Одан бөлек, кешен ішінде атқа мінетін қызмет қосуды жоспарлап отыр. Инновациялық бастамасы мен тұрақты дамуға бағыт алғанының арқасында Марат Алтынбеков іскер әлемде әлеуметтік жауапкершілікті ұстана отырып, мол табысқа кенелуге болатынын іс жүзінде көрсете алды.



Таңдау

Сандар сөйлесін:

25K

ауданның тұрғыны жоба туралы естіді

108

заявок принято на 1 тур конкурса

27

қатысушылар бизнес-жоспар дайындады

113

өтінім байқауға қабылданды
(Оның ішінде Құлсарыдан – 83,
ауылдардан – 30)

34

қатысушы оқып, оның ішінде 21-і аяқтап, сертификат алды

10

жобаның басында әйел тұр (52%)

4

жоба – стартап

13

жеңімпазға қаражат берілді

Доноры:

«Теңізшевройл» ЖШС

Географиясы:

*Атырау облысы
Жылыой ауданы*

Әлеуметтік желіде:

[@tandau_zhylyoi](#)

Бизнес-бастамалар, оқу және қаржыландыру арқылы Жылыой ауданы тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бағдарлама. «Таңдау» қатысушылары фасилитация, трениңдерден өтіп, байқау барысында бизнесін дамытуға не қазіргі ісін кеңейтуге пайызсыз ақша алады.

Бұл жобаның ерекшелігі сол – қайтарылған қаражат жыл сайын жаңа бизнестерге қайта салынып отырады. Осылайша шағын бизнеске қолдау тұрақты әрі жүйеле бола түседі. «Таңдау» жобасының қатысушылары қатарында өзін жұмыспен қамтығандар, жұмыссыздар, шағын бизнес иелері, «Теңізшевройл» мен мердігер компаниялардан қысқарып қалғандар мен басқа да осал топ өкілдері бар.

Өзі – кәсіпкер, өзі – ана, өзі – қоғам көшбасшысы

Мафу Рзабаева – Құлсарының тумасы. Кәсібін енді бастаған кезде әлеуметтік кәсіпкерлер байқауына қатысып, жолы болмаған. Бірақ берілмей, кейінгі екі жылда жеке және кәсіби машығын шыңдап, «Таңдау» жобасына қатысуға қайтадан өтінім жібереді. Трениндердан қалмай қатысып, қаражатты тиынына дейін тәптіштеп есептеп, бизнес-идея ойлап тапты. Сөйтіп арманына жетті. Қаржыландырғанның арқасында ол клинің бизнесін кеңейтіп, киім жуатын және химиялық тазартатын кәсіп ашады.

«Бизнесті шыныда нәлден бастадым. Өу бастан өз отбасыма ғана емес, басқаларға да жұмыс бере алатыныма сенімді болдым. Мақсатым – бизнесті кеңейту ғана емес, көмекке зәру әйелдерді қолдап, еңбегіне сай жағдай жасап, жақсы жалақы беру. “Таңдау” жобасы маркетинң мен қаржы саласындағы білімімді арттырды, одан қала берді бизнесті басқару саласы жайлы көп жаңа ақпарат алдым. Осылайша бизнесімді кеңейту деген арманыма жақындай түстім. Осындай жобалар көбейе берсе деймін. Әсіресе, Жылыойда көп болса екен!» — дейді Мафу.

Сонымен қатар Мафу – табысты кәсіпкерлер қатарында. Өз қауымдастығында әжептәуір салмағы бар. Соло-ана болса да, көпбалалы және жалғызбасты аналардың басын қосып, оларға ыңғайлы жұмыс кестесін ұсынып, жұмысқа алған. Мафу Рзабаеваның кейсі – басқаларға шабыт беретін, өзіне сенімді әрі еңбекқор адамның үлгісі.




**«Осындай жобалар
көбейе берсе деймін.
Әсіресе, Жылыойда
көп болса екен!»**

Мафу Рзабаева

Шағын ҮЕҰ-лардың ұйымдастыру әлеуетін нығайту





Әйелдер басқаратын ҮЕҰ мен бастамашыл топтардың әлеуетін арттыру

Доноры: ҚР Нидерланд корольдігі елшілігі

Географиясы: Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан

Әлеуметтік желілерде: femmekeper.org

Орталық Азиядағы әйелдер және бинар емес тұлғалар басқаратын жас ұйымдар мен бастамалардың ұйымдастыру әлеуетін нығайтуға бағытталған бағдарлама. Сонымен бірге қыздар мен әйелдер құқығын кеңейтуге ат салысып жүрген, бірақ қаржыландыру жағынан қиналып жүргендерге арналған. Жоба FemAgora ҚҚ-мен бірлесіп, Орталық Азияның Қазақстан, Тәжікстан және Қырғызстан сынды үш елінде жүзеге асырылады.

Жоба қатысушылары білім алып, трениң, уебинар, ментор қолдауы арқылы практикалық машыққа ие болады. Соның арқасында ұйымдастырушылық даму, тиімді басқару, жобалар жасау мен фандрайзинг деңгейі арта түседі. Бұған өзгерістер теориясы, жобаларды басқару, стратегиялық жоспарларды өзірлеу және ішкі және сыртқы коммуникацияларды нығайту бойынша сабақтар кіреді.

Жобаның ықпалы:

- 10 әйелдер ұйымы мен бастамашыл топ уебинарлар мен ментор қолдауының арқасында жобаларды басқару, фандрайзинг, жоба ұсыныстарын жазу, өзгерістер теориясы, қызығатын тараптар матрицасы, адвокация және коммуникация бағытында білім алды;
- Ұйымдастырушылық даму және бағдарламалық менторлық бойынша 13 трениң мен 35-тен астам консультация берілді;
- 10 қатысушы-ұйымның бесеуі миссиясын қайта қарап, 6 ұйым ішкі және сыртқы серіктестік пен коммуникацияны нығайтуға арналған жаңа көзқарас ойластырды;
- 4 ҮЕҰ мен бастамашыл топ ұйым қызметіне жаңа бағыт қосты не өзгертті;
- 10 ҮЕҰ-ның сегізі ұйымдарының стратегиялық жоспарын жасап бастады;
- 10 ұйым гендер анализ, адам құқығы, әйелдер ҮЕҰ-сы мен адвокация туралы білімін арттырды;
- 10 ұйымның тоғызы түрлі грантқа қатысып, фандрайзинг бойынша машығын арттырды. Сөйтіп олардың сегізі грант иеленді;
- Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстаннан 5 ұйым ұйымдастырушылық дамуға арналған 4000 еуролық грант алды.

Тәжікстандық журналистер диджитал болашаққа нық қадам басты

Тәжікстанның Соғды облысының қақ ортасында орналасқан Худжанд қаласында журналист қыз-келіншектер «Садокат» жобасын қолға алған. 2019 жылы бастаған кездегі мақсат – журналистикада жүрген қыз-келіншектердің мүддесін ілгерілету болған. «Әйелдер басқаратын ҰЕҰ мен бастамашыл топтардың әлеуетін арттыру» жобасына қатысқанының арқасында ұйым жаңа білім жиып қана қоймай, қызметін күшейтуге қаражат та тарта алды.

Жоба шеңберінде «Садокаттың» басты мақсаты оқиға бөлісетін платформа ғана емес, өзінді көрсететін, журналистердің білігін арттыратын веб-сайт жасау болған еді. «Бастамамызға сай, журналистерге материалдарын салатын және түрлі іс-шараға қатысуға мүмкіндік беретін ыңғайлы веб-сайт жасап, іске қостық», — дейді топ көшбасшысы Фируза Мирджумаева.

«Садокат» жобаның арқасында ұйым дамуына айтарлықтай өзгеріс енгізді: жарғы жаңарды, стратегия жасалды, жаңа серіктестіктер орнап, бағдарлама кеңейді. Қазір бастамашыл топ журналистикадан трениндер өткізумен қатар, жаңа медиа, әлеуметтік кәсіпкерлік және медиасауатқа қатысты шеберлік сағаттарын өткізеді.

«Гендер мәселелерімен жұмыс істеп, ұсыныстар әзірлеп, нарықты зерттеуді, әлеуметтік-кәсіпкерлік бастамаларға қатысуды үйрендік», — дейді Фируза. Жобаға қатысқанның арқасында ұйым дамуы ілгерілеп қана қоймай, Соғды облысында да, одан шет жерде де бастама туралы көпшілік біле бастады. Сол арқылы жаңа серіктестер мен қатысушылар қосылып отыр.

Бағдарламаның шарықтау шегі деп «Садокаттың» «Равобит» (тәжікше «байланыс» дегенді білдіреді) ұйым ретінде тіркелгенін атап өтуге болады. Команда қазір журналист қыз-келіншектерге кәсіби және жеке дамуға қол ұшын беретін орталық ашуды жоспарлап отыр. Осыған қарап-ақ, Тәжікстандағы журналист қыздардың осы бастамасы қолдауды қабылдап, соны іске асырудың жарқан үлгісін көре аламыз. Бұл әйелдерге медиа әлеміне даңғыл жол болмақ.

ШАҒЫН ҰЕҰ-ЛАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ



Бенефициарлардың пікірі:

«Коллективная Память» бастамашыл тобының пікірі (Қазақстан):

«Жобаға қатысып, ішкі коммуникация және басқару процестерін дамытуға ден қоюға мүмкіндік алдық. Стратегиялық жоспар мен жобаларды жоспарлаумен жұмыс істеу арқылы ұйымымыздың миссиясын толықтырып, мүдделі тараптардың деректер базасын реттей алдық. Осы өзгерістер жаңа қатысушылар мен серіктестер тартуға жол ашты. Одан қала берді біздің стратегиялық позициямызды нығайтып, алда қалай дамуға болатынын көрсетті».

«Диёр» Қоғамдық ұйымының пікірі (Тәжікстан, Согды облысы, Худжанд):

«Ұйымымызға осы жобаға қатысқанымыз үлкен серпіліс сыйлады. Қаржылай қолдау алғанымыздың арқасында еріктілер қозғалысын ұйымдастырдық. Қазір мұнда 20-дан астам белсенді қатысушы бар. Жобаның көмегімен құқық қорғау, оқу, қызметіміз туралы көбірек білдік. Осылайша ықпалымызды кеңейтіп, ұйым құрылымын нығайттық».

«Диалог, Доверие, Право» Қоғамдық ұйымының пікірі (Қырғызстан, Баткен):

«Ұйымымыз өз PR-белсенділігін айтарлықтай арттырып, ақпараттық ықпалын едәуір кеңейтті. Қолдаудың арқасында АҚШ Елшілігі тарапынан \$38,000 грант ұтып алуға көмектесті. Серіктестермен, бенефициарлармен қарым-қатынасты жақсартып, әйелдер бастамасын қолдау туралы білімімізді арттырды. Биыл бізге даму мен жаңа бастамалар жылы болды».

Әлеуметтік бағдарламалардан бөлек, ОЕАҚ әлеуметтік инвестициялар қоржынын жақсартып, жүйелі қолдау білдіретін ұжымдық консалтиң қызметтерін де көрсетеді. 2023 жылдың сәуірінен бері майталмандардан құралған командамыз Балқаш қаласындағы «Сары Қазына» ЖШС мен «Коунрад мыс компаниясы» құрған «Коунрад» ұжымдық қорының стратегиясын жақсартуға бағытталған толық кешенді жүзеге асырды.

Жұмысымыз мынадай
төрт негізгі кезеңнен тұрды:

1. Жергілікті халықтың қажетін бағалау;
2. Қордың ұйымдастырушылық және институттық дамуын бағалау;
3. ОАЕҚ-ның серіктестері, достары мен донорларымен кездесу үшін Алматыға стади-тур жасау;
4. Қордың 2027 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын дайындау.

**ҰЖЫМДЫҚ
КОНСАЛТИҢ
ҚЫЗМЕТТЕРІ**

«Коунрад» қорының командасы ұйымдастырушылық даму кезеңдерінің бәрінде «Мен сияқты істе» форматында белсене қатысты. ОАЕҚ-ның басты мақсаты барлық құрал мен механизмді үйретіп, басқарудың барынша жүйелі әдісіне жылдам өтуге керек машықтарды дамыту болды. Кешенді консалтиң нәтижесінде бірнеше құжат әзірленді: Коунрад қорының ұйымдастырушылық дамуының өзін-өзі бағалауы, сондай-ақ нақты қажет пен деректерге негізделген негізгі бағдарламалық бағыттарды, сондай-ақ халықтың әртүрлі тобына түрлі қолдау түрін ұсынатын тетіктер мен рәсімдер сипатталған стратегиялық жоспар жобасы.

Тәжірибеміз бен ұжымдық әлеуметтік жауапкершілікті жақсарту тәсілдерін үйретіп, тұрақты даму мен ESG-индикаторлар мақсатына жетуге көмектесуге қашанда әзірміз.



3-бөлім
Жетістіктеріміз



Марапаттар

Қазақстандағы ҮЕҰ-ларға арналған сыйлық

19 қазан күні Астанада ОАЕК командасы «Азаматтық қоғамды дамытуға жәрдемдесу» санатында «2023 жылғы ҮЕҰ-ға арналған сыйлыққа» ие болды. 2017 жылдан бастап Мәдениет және ақпарат министрлігі үкіметтік емес ұйымдарға әлеуметтік мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін марапат беріп келеді. Осы уақытқа дейін 350-ден астам ҮЕҰ негізгі 16 саладағы жетістігі үшін сыйлық алған еді. Жыл сайынғы сыйлық шеңберінде алынған марапат Қазақстан мен Орталық Азиядағы адамдардың өмірін жақсартуға қосқан тұрақты үлесімізді айғақтайды.

JasSpace AmCham Awards жеңімпазы атанды

Мамырда Астанада AmCham Awards марапаттауына қатыстық. Ол жерде «JasSpace: Атырау жастарына дамытуға арналған бастама» жобасы «Үздік әлеуметтік жоба» деп танылды. 2022 жылдан бері жобаның арқасында Атырау қаласы мен облысының 7000-ға жуық оқушысы STEAM-бағытта тегін білім алды. 2,5 мыңнан астам студент 16 STEAM бағдарламадан өтіп машық алды. 220 педагог білігін арттырды, 346 мұғалімге әдістемелік қолдау жасалды. Жастар мен білімді дамытуды ту еткен ұмтылысымыздың жарқын үлгісіндей болған, қазақстандық қоғамға қосқан үлесімізді көрсететін AmCham сыйлығын иеленгенімізді мақтан етеміз.

Іс-шаралар



Оралдағы қала фестивалі

27 мамыр күні Оралда Orle Fest ауқымды қала фестивалі өтті. Бағдарламаның қызық болғаны сонша, 850-дан астам тұрғын микрошөп өсіру, киіз басудан шеберлік сабақтарына қатысып, жергілікті қолөнершілердің жұмыстарын сатып алып, этно-коллекция көрсетілімін көріп, ашық аспан астында концерт тамашалады. Сонымен қатар, белсенді тұрғындар топтарға бөлініп, қаланың өзекті мәселелерін талқылап, оларды шешу жолдарын іздеп тапты.

Іс-шараның тағы бір ерекшелігі – Orle экономикалық жағдайын қолдау жобасының барлық қатысушысына арналған алаң бола алды. Бұрын оқып, өз ісін дамытуға инвестиция алған қатысушылар шеберлік сағаттарын өткізді. Жәрмеңкеде жұмыстарын ұсынды. Осылайша Orle Fest фестивалі әлеуметтік бастамалардың кәсіпкерлер рухын көтеріп қана қоймай, қоғамдғы байланысты нығайтып, гүлдендере алатынына тағы бір дәлел болды.

Атыраудағы Qogamdyq Kenistikter жобасының бес жылдығын тойладық

Атыраудағы жастар саябағында Qogamdyq Kenistikter әлеуметтік жобасының бес жылдығына арналған фестиваль өтті. Мұнда өз қаласы мен ауылының гүлденуіне ат салысып жүргендер жиналды. Қатысушылар әдемі ән тыңдап, би биледі. Одан қала берді флешмобтар мен сыйлық берілетін викториналарға қатысты. Балаларға аниматорлар ұсынған бағдарлама ұйымдастырылды.

Ойын-сауықтан бөлек, фестиваль қатысушылары жоба туралы толығырақ біліп, келер жылға арналған жоспармен танысып, ұйымдастыруға көкейдегі сауалдарын қойды. Qogamdyq Kenistikter жобасы қаланың көркеюіне үлес қосып жатқаны, осы бағыттағы жұмыстар жалғасын табуы керекі айтылды.

JasSpace жобасының нүктесін қойған ABAY GYLYM FEST фестивалі

25 қарашада Атырауда ABAY GYLYM FEST отбасылық ғылым фестивалі өтті. Ол «JasSpace: Атырау жастарына дамытуға арналған бастама» жобасының соңғы іс-шарасы болды. Фестиваль 1000-нан астам қонақтың басын қосты. Күні бойы Абай Орталығы Білім берудегі STEAM-тәсілдерге арналған ғылыми-танымдық дәрістер, интерактив сессиялар, уоркшоптар мен көрмелер алаңына айналды.

Фестивальде 10 танымдық секция болды. Оның ішінде ата-аналарға, оқушыларға, педагогтерге және сарапшыларға арналған алаңдарға бөлінді. Қатысушылар профориентациялық тестілерден өтіп, STEAM-дегі инклюзия жайлы біліп, YEMAA мәдениет орталығының көрмесін тамашалады. Сонымен қатар JasSpace Students және Educators STEAM Project Challenge бағдарламалары аясында жасалған оқушылар мен педагогтердің инновациялық жобаларымен танысты.

ABAY GYLYM FEST танымал сарапшылар мен инфлюенсерлердің басын қосты. Атап айтқанда, режиссер Қуаныш Бейсек, Тик-Ток жұлдызы Ұлан Үсенов, Пифагор мектебінің негізін қалаған Асан Жолдасов, YEMAA пәнаралық мәдениет орталығының кураторы және негізін қалаушы Әсел Ахметжанова және басқа да мықтылар жиналды. Фестиваль осылайша нағыз ғылым мен шығармашылық тойына айналып, еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін жинаған креатив пен инновация, мол идеялар алаңы болды.





Civic Tech: Астанада жобаның қорытынды конференциясы өтті

12 желтоқсанда Астанада «Қазақстандағы Civic Tech: кейстер, сын-қатерлер, перспективалар» конференциясы өтті. Бұл «Сіздің дауысыңыз маңызды» жобасының соңғы іс-шарасы болды. Конференцияға 150-ден астам қатысушы, соның ішінде мемлекеттік орган өкілдері, белсенділер мен журналистер қатысты. Келгендер азаматтық технологиялар қоғамның маңызды мәселелерін қалай шеше алатынын талқылады. Сонымен қатар жобаның негізгі нәтижелері туралы білді. Гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу, Азаматтық бастамалардың мемлекетпен өзара іс-қимылы және экологияны жақсарту үшін технологияларды пайдалану тақырыптары бойынша пікірталастар өтті.

Іс-шара барысында [«Civic Tech: Қазақстанды өзгертіп жатқан жобалар](#) жинағы таныстырылды. Бұл жинақта қоғамды өзгертуге ат салысып жүрген белсенді қазақстандықтардың 11 табысты оқиғасы жайлы ақпарат бар.

Конференция тәжірибе алмасуға және жаңа шешімдер іздеуге таптырмас алаңға айналды. Қатысушылар қазақстандықтарға демократияны нығайтып, шешім қабылдауға азаматтарды кірістіру үшін диджитал машықтың аса маңызды екенін атап өтті.

4-бөлім

ОАЕК туралы


Эндаумент негіздерін оқыту

ОАЕК ішкі мәдениетінің басты компоненттерінің бірі – ұжымдық оқыту. Қызметкерлеріміздің проактив болғанын, қосымша білім жиып, білігін арттырғанын құптаймыз.

2023 жылы қазанда ҮЕҰ, университеттер, жеке мектептер, ауруханалар, музейлер мен қайырымдылық ұйымдарының топ-менеджментіне арналған эндаумент және фандрайзинг негіздерін оқытатын 2 күндік офлайн тренинг өтті. Кейінгі он жылда медицина, білім, мәдениет, спорт және үкіметтік емес ұйымдарда тұрақты дамуда негізгі механизм ретінде эндаумент пайдаланудың маңызы артып келеді. Бұл жекелеген институттардың функциясына әсер етіп қана қоймай, бұл экономикаға жаңа перспективалар ашады.

Қызметкерлеріміз эндаумент не екенін толық түсініп, ұйымға арналған тиімді фандрайзинг стратегия қалай құру керегін үйренді. Тренерлер тәжірибесін бөлісіп, ұйымдарға дамуға және қаржылық тұрақты болуға көмектесетін тексерілген стратегияларды көрсетті. Бұл тренинг біздің тұрақты дамып, жетілуге деген ұмтылысымызға әдемі үйлесе кетті. Соның арқасында әлеуметтік ықпал және тұрақты даму саласында көшбасшы болып қала береміз.





Сыни ойлауды үйрететін трениң


13-18 ақпан аралығында Алматыда бизнес-тренер әрі коуч Аркадий Цукердің жетекшілігімен және Chevron компаниясының қолдауымен «Сыни және креатив ойлау негіздері» деген трениң өтті. Аркадий Цукердің бизнес-консалтиң саласында 29 жылдық тәжірибесі бар. Ол Coca-Cola, Toyota және Альфа-Банк сынды компаниялармен бірге істеген. Ол трениң қатысушыларына өмір сапасын арттыру және алдағы жылдарда тиімді қызмет істеуге көмектесетін маңызды машықтарды айтты. ОАЕҚ қызметкерлері XXI ғасырдағы маңызды машықтың бірі – «белгісіздік арасындағы толеранттық» тәсілі туралы мол ақпарат алды. Сонымен қатар, қиын жағдайларда шешім табу, жаңа бизнес-идеялар істеу әдістері жайлы да айтылды.

«Civic Tech: Қазақстанды өзгертіп жатқан жобалар» жинағы

Астанада желтоқсан айында «Civic Tech: Қазақстанды өзгертіп жатқан жобалар» жинағын таныстырдық. ОАЕҚ-ның осындай авторлық нұсқаулық шығаратын дәстүрін жалғадық. Өткен жылдары біз [әлеуметтік жобаларды бағалау және мониторинг](#), [фандрайзинг](#) тақырыптарына тоқталсақ, биылғы жинаққа азаматтық технологиялар мен сол бастамалардың артында тұрған адамдар туралы жазылған 11 әсерлі оқиғаны топтастырдық.

Мұнда экология, гендерлік зорлық-зомбылық, мемлекеттік есеп беру, репродуктив денсаулық туралы ақпараттың аз екенін көрсететін және өзге де әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған дигитал құралдар жайлы оқиғаларды оқи аласыз. Нұсқаулық идеясының авторы мен координаторлары ОАЕҚ қызметкерлері Данель Ходжаева мен Анар Арынова. Ал материалдарды қазақстандық журналистер Елена Гаркава, Шыңғыс Уәлихан, Мөлдір Мұхит, Жадыра Аққайыр, Мейірман Лес дайындады.

Жинақтағы оқиғаларды оқысаңыз, қолда бар технологияла мен азаматтық белсенділіктің арқасында қауымдастығымызды жақсы жаққа өзгертуге әркімнің-ақ таласы барына куә боласыз. Мысалы ауа сапасына мониторинг жасауға арналған онлайн-карта, қалалар мен аймақтарды мәселелері қозғалатын youtube-арна, қимыл-қозғалысы қиын адамдарға арналған қолданбалар бар. Мұның бәрі азаматтардың белсенді араласып, дигитал жобалардың көмегімен әлеуметтік мәселелерді шешуге болатынын көрсетеді.



ОАЕҚ командасы



Ринад Темірбеков
Қазақстандағы ОАЕҚ директоры

ДАМУ БӨЛІМІ



Гаухар Алиева
Даму және зерттеулер бойынша маман



Данель Ходжаева
Коммуникация менеджері

БАҒДАРЛАМА ДИРЕКТОРЛАРЫ



Айгүл Тағатова
Әлеуметтік кәсіпкерлік бағдарламалары директоры,
«Таңдау» жобасының менеджері



Салтанат Ноғайбаланова
Оқу саласындағы бағдарламалар директоры,
JasSpace бағдарламасының жоба менеджері



Владимир Клеценко
Бас есепші



Томас Ақынов
Даму және зерттеулер бойынша маман



Алма Шолпанқұлова
Qogamdyq kenistikter бағдарламасының директоры



Анар Арынова
«Сіздің даусыңыз маңызды», Orle жобаларының менеджері




Ақмарал Қарлыбаева
«Әйелдер ҮЕҰ-сы әлеуетін арттыру бағдарламасы», Meet and Code жобаларының менеджері



Әлия Испаева
«Байтақ Жер» жобасының менеджері



Балнұрхан Амангелді
Атыраудағы Qogamdyq kenistikter жобасының менеджері




Бауыржан Құлтасов
Құлсарыдағы Qogamdyq kenistikter жобасының маманы




Айжан Жансұлтанова
«Байтақ Жер» және Orle жобаларының маманы



Сымбат Әбішева
«Әйелдер ҮЕҰ-сы әлеуетін арттыру бағдарламасы» мен «Сіздің даусыңыз маңызды» жобаларының маманы



Асылай Аманова
Qogamdyq kenistikter жобасының ассистенті



Ақмарал Қуанышқызы
Qogamdyq kenistikter жобасының ассистенті

ОАЕҚ командасы



Айгерім Абдуллаева
Есепші



Динара Арғымбаева
Есепші



Виталий Цой
Гранттар мен келісімшарттар
бойынша аға менеджер



Гүлім Аханова
Әкімшілік маман




Рауана Ниязова
Гранттар мен келісімшарттар менеджері



Айнұр Шегебаева
Гранттар мен келісімшарттар менеджері



Нағима Көшербекова
Гранттар менеджер



Алтынгүл Атабаева

Алтынгүл жоғары оқу орнын шет тілі оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдаған. Бұрын Құлсарыдағы орта мектепте ағылшын тілінен сабақ берген. Бірақ жұмысы оған өзін дамытуға мүмкіндік бермегендіктен, басқа жолдар іздеген.

Сөйтіп бірде ол ОАЕҚ-ның әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Жарқыра» деген жобасы туралы естіп, Құлсары мен Атырауда ұйымдастырылатын іс-шараларға көмектесу үшін ерікті болуға бел буады. «Жарқыра» жобасының жеке дамуға арналған апталық тренингі кезінде өмірі түбегейлі өзгерді десек болады. Ол күшіне сеніп, қоғамдық жобаларға белсенді қатыса бастайды. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Кәсіпкер әйелдер одағымен бірге жұмыс істей бастайды.

Қазір Алтынгүл Атырау облысы мен Жылыой ауданында кәсіпкерлік пен еріктілікті дамытуға бағытталған шеберлік сағаттарын өткізеді. Үш адамнан тұратын команданы басқарады. «Таңдау» жобасы аясында іс-шаралар ұйымдастырып, әкімдік пен басқа да стейкхолдерлермен байланыс орнатады. Әрі әлеуметтік желіде де белсенді.

ОАЕҚ командасы

Жергілікті координаторлардың арқасында ОАЕҚ жобаларының ауқымы өсіп, ықпалы мықты бола түседі. Олар жергілікті қауымдастықтармен берік байланыс орнатуға көмектеседі. Ал бұл болса, тұрақты даму үшін өте маңызды. Сол координаторлардың көмегімен жобаларымыз қазір бар мәселелерді шешіп қана қоймай, сол қауымдастықтардың алдағы уақытта өздігімен дамып, жетістікке жетуіне жол ашады.



Үзілдік Молдағалиева

Үзілдік 2009-2012 жылдар аралығында «Барыс» денсаулық клубын басқарған. 2013-2015 жылдары «Өрлеу» бағдарламасының жергілікті координаторы болды. 2018-2022 жылдар аралығында Атырау облысы Жылыой ауданында Qogamdyq Kenistikter жобасының жергілікті координаторы қызметін атқарды. Жоба аясында Үзілдік бастамашыл топтармен және жергілікті билікпен байланыс орнатып, құрылысты қадағалап, ОАЕҚ менеджерлері мен тұрғындарға кеңес берді. Үзілдіктің арқасында тұрғындар ауылдарындағы мәселелерді өздері шешіп үйренді. Тәжірибе бөлісіп, өзі тұрған жерге өзі жауапты екенін шын түсінді.



Қарлығаш Ещанова

Қарлығаш – Ливерпуль университетін тәмамдаған эколог. атыраудағы НЗМ-де жеті жыл биология мен экологиядан сабақ берген. JasSpace жобасында ол оқушылар мен студенттердің оқу процесін ұйымдастыруға жауапты болды. STEAM-үйірмелер мен Атырау қаласы мен облысы мұғалімдеріне арналған білік арттыру курстарының оқу бағдарламасын дайындауды да мойнына алды.

«JasSpace маған мемлекеттік органдар, ҰЕҰ-лар мен бизнес бірлесіп жұмыс істеп, әлеуметтік жобалар жасай алатынын көрсетті. Командалық жұмыс пен жауапкершіліктің, ондағы әр мүшенің рөлі маңызды екенін түсіндім».



Әсел Карбозова

Педагогика ғылымдарының магистрі, Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ-ның физика және математика факультетін қызылға бітірген. Мамандығы – мұғалім. Қарағанды мен Астанада мектептер мен білім мекемелерінде істеген. Сонымен бірге Атырау облысы бойынша «Өрлеуде» кафедра меңгеруші қызметін атқарған.

«Атырау облысындағы ауыл мектептеріне арналған STEM» жобасында ол STEM-сабақтарға керек материалдарды алу, жеткізу және анализ жасаумен, оқу процесіне координация жасаумен мұғалімдерге кеңес берумен айналысқан. Сонымен бірге видеосабақтар дайындап, мұғалімдерді Астанаға іс-сапарға апаруға жауапты болды.

Әселдің айтуынша, «Осы жобада координатор болып істеген кезде тәуекелдерді басқару потенциалым ашыла түсті. Өйткені барлық қадамды алдын-ала ойластырып, бақылап, мәселелер болса дер кезінде байқап, болмауының алдын алу керек болды. Жобаның арқасында болашақтың өзімнен, өз ойымнан және ниетімнен басталатынын түсіндім. Егер қоршаған ортаға жақсы өзгеріс енгізгің келсе, онда осы жоба – оқушы мен мұғалімнің дамуына көмектесетін бірден-бір мүмкіндік».



Жанар Нұртөлеу

Жанар Нұртөлеу — техника ғылымдарының магистрі әрі бакалавры. 2014-2016 жылдар аралығында Жапониядағы Токай университетінде “Өнеркәсіптік химия” мамандығы бойынша оқып, гендердің *C. Elegans* нематодының өмір сүру ұзақтығына әсерін зерттеген. Бітіргеннен кейін “Молекулалық биология”, “Микробиология” және басқа да пәндерден сабақ берген. EXPO-2017 көрмесінде Жапонияның павильонында Toshiba бұрышында менеджер болған. Сонымен бірге Абайдың қара сөздерін жапон тіліне аударған топтың қатарында болды. Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы НЗМ-да биологиядан берген.


Жобада Жанар әкімшілік, коммуникациялық және оқытушылық жұмыстармен айналысты. Оның ішінде жазғы мектептің үш легінде де сабақ берді. Одан бөлек, стейкхолдерлермен коммуникация орнатып, серіктестік қарым-қатынасты дамытып, JaxSpace кеңістігіне арнап «STEAM интеграцияланған анатомия» және «Молекулалық биологиядан» оқу бағдарламаларын дайындады.

Жанар әрі «Шелл» компаниясының демеушілігімен Caravan of Knowledge ұйымдастырған Nxplorers: «Жасыл ұрпақ бәйгесі 2.0» жобасының ғылыми жетекшісі болды. Ол кезде JaxSpace оқушылары жобасын іске асыруға 700 000 теңге көлемінде грант алған еді.


Бюджет 2023

Бюджетті бөлу


Дереккөздер



Корпоративтік
донор



Институционалдық
донор



Қызметкерлерді оқытуға, қорды дамытуға арналған шығыстар - \$ 39 932

Әлеуметтік кәсіпкерлік және бизнесті дамыту - \$228 976

Қоғамдастықты тарту және тиімді басқару - \$904 795

Әлеуметтік осал топтарды қолдау - \$497 184

Жастар және білім - \$719 652

Біздің донорлар



Серіктестеріміз



КЕҰ:

«TeachMe. Компетенцияларды дамыту орталығы» ҚҚ
«Қабілет» ҚҚ
FemAgora ҚҚ
Tandau Foundation ҚҚ
«Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ
Қазақстан қолөнершілер одағы
Қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясының Атыраудағы филиалы
Қазақстандық «Казроботикс» білім беру және спорттық робототехника федерациясы
Integrity қоры
YEMAA заманауи мәдениет орталығы
TechAlan қоры
«Мүгедек әлемі» ҚҚ
«Caravan of Knowledge» ҚҚ
«Авалон» тарихи-географиялық қоғамы» қоғамдық бірлестігі
«Экологиялық мәдениет интеграциясы қоры» жеке қоры



Мемлекеттік органдар:

Қазақстанның цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Қазақстанның Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Алматы қаласы цифрландыру басқармасы
Атырау облысы Махамбет ауданы әкімінің аппараты
Атырау облысының білім басқармасы
Атырау облысы білім басқармасының әдістемелік кабинеті
Атырау қаласының білім бөлімі
Атырау облысы Мақат ауданы әкімінің аппараты
Жылыой ауданының әлеуметтік сұрақтар бойынша әкімдігі
Жылыой ауданының ішкі саясат бөлімі
Жылыой аудандық «Мансап» орталығы
Құлсары қаласы әкімдігі
Жылыой ауданы Аққызтоғай ауылдық округі әкімдігі
Жылыой ауданы Жаңа Қаратон ауылдық округі әкімдігі
Жылыой ауданы Қосшағыл ауылдық округі әкімдігі
Жылыой ауданы Майкөмген ауылдық округі әкімдігі
Жылыой ауданы Жем ауылдық округі әкімдігі
Жылыой ауданы Қара арна ауылдық округі әкімдігі
Боранқұл ауылы әкімдігі
Kazakh Tourism ұлттық компаниясы
Ақмола облысының туризм басқармасы



Халықаралық

ұйымдар:

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
Caterpillar Foundation



Бизнес:

«КОМПАС» туроператоры
«МОСТ» бизнес-инкубаторы
«Шеврон мұнайгаз инк» компаниясы
Sitek Caspian компаниясы
«Центр Кредит» банкінің Атыраудағы филиалы



Академия:

Абай атындағы Оқушылар сарайы
Атырау облысындағы 34 жалпы білім беретін мектеп
Атырау қаласындағы 25 жалпы білім беретін мектеп
Атырау қаласындағы 5 колледж
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау мұнай және газ университеті




Медиа:

Caspian News жергілікті телеарнасы
Aq Jaiyq телеарнасы
Egemen Qazaqstan газеті
«Жайық Пресс» газеті
«Кең Жылыой» газеті
«Прикаспийская коммуна» газеті
«Комсомольская правда» газеті
«Надежда» газеті
«Вечерняя Алматы» газеті
DKnews ақпарат агенттігі
MyBusiness басылымы
Inbusiness басылымы
Manshuq Media басылымы
Bes Media басылымы
«Салем, Экибастуз» басылымы
Energy of Change медиасы
Exclusive журналы
«OY-DETOX» подкасты

Серіктестеріміз

Байланыс ақпараты



Орталық Азияның Еуразия Қоры
Алматы, Жарокова 284/3

Біздің пошта мекенжайымыз
almaty@ef-ca.org

Ринад Темирбеков,
ОАЕҚ директоры
rinad@ef-ca.org

ЖЫЛ ЕСЕБІ '23



Орталық Азияның
Еуразия Қоры